

- 1) құрылтайшының өзіне берген мүлік;
- 2) өз қызметі нәтижесінде сатып алынған мүлік (акшалай кірістерді қоса алғанда);
- 3) Қазақстан Республикасының заңнамасымен тыйым салынбаған өзге де қаржы қөздері есебінен қалыптастырылады.

25. Мемлекеттік мекеме өзіне бекітіліп берілген мүлікті және өзіне смета бойынша болінген қаражат есебінен сатып алынған мүлікті өз бетімен иеліктен шығаруга немесе оған өзге де тәсілмен билік етуге құқығы жок.

26. Мемлекеттік мекеменің қызметі Қарағанды облысының бюджетінен қаржыландырылады.

27. Мемлекеттік мекеме бухгалтерлік есеп жүргізеді және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес есептілік ұсынады.

Бухгалтерлік есепті және мемлекеттік мекеме үшін есептілікті ұсынуды барлық туындаитын функциялары бар мемлекеттік мекеменің басқару органдары жүзеге асыра алады.

28. Мемлекеттік мекеменің қаржылық-шаруашылық қызметін тексеру және ревизиялау Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

#### **6 тарау. Мемлекеттік мекемедегі жұмыс тәртібі**

29. Мемлекеттік мекеменің құрылтай құжаттарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу «Қарағанды облысының экономика басқармасы» мемлекеттік мекемесінің шешімі бойынша жүргізіледі және «Занды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеу туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес аумақтық әділет органдарында мемлекеттік тіркеу рәсімінен өтеді.

#### **7 тарау. Құрылтай құжаттарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу тәртібі**

30. Мемлекеттік мекеменің құрылтай құжаттарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу қолданыстағы заңнамада айқындалған өкілдіктіктерге сәйкес осы шешімді қабылдаған құрылтайшының немесе органның шешімі бойынша жүргізіледі. Құрылтай құжаттарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу Қазақстан Республикасының «Занды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеу туралы» Заңына сәйкес аумақтық әділет органдарында мемлекеттік тіркеу рәсімінен өтеді.

#### **8 тарау. Мемлекеттік мекеменің қайта ұйымдастыру және тарату шарттары**

31. Коммуналдық мемлекеттік мекеменің қайта ұйымдастыру Қарағанды облысы әкімдігінің шешімі бойынша жүргізіледі.